

**ЕКІТІЛДІ**  
**«Виктория» СК» АҚ**  
**Директорлар кеңесі**  
**2025 жылдың «09» қазандағы**  
**№22 Хаттама**

**«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ**  
**МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ**  
**ЕРЕЖЕСІ**

## МАЗМҰНЫ

<b>1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....</b>	<b>3</b>
<b>2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИ .....</b>	<b>4</b>
<b>3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ .....</b>	<b>4</b>
<b>4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ.....</b>	<b>4</b>
<b>5. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ .....</b>	<b>4</b>
<b>5. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ.....</b>	<b>4</b>
<b>6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ .....</b>	<b>6</b>
<b>7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....</b>	<b>6</b>
<b>9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР .....</b>	<b>9</b>
<b>10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ .....</b>	<b>9</b>
<b>11. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ .....</b>	<b>10</b>
<b>12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БАС ТARTУ .....</b>	<b>10</b>
<b>13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ.....</b>	<b>11</b>
<b>14. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.....</b>	<b>12</b>
<b>15. МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІГІ .....</b>	<b>12</b>
<b>16. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР.....</b>	<b>12</b>

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

**1.1.** Бұл міндетті экологиялық сақтандыру ережесі (бұдан әрі – «Ереже») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 2005 жылғы 13-желтоқсандағы «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – «Заң»), Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес әзірленді.

**1.2.** «Виктория» СК» АҚ (бұдан әрі – «Сақтандырушы») осы Ереженің шарттарымен, шаруашылық және басқа қызметтердің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалармен (бұдан әрі – «Сақтанушы») міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – «сақтандыру шарты») жасау арқылы міндетті экологиялық сақтандыруды жүзеге асырады.

**1.3.** Міндетті экологиялық сақтандырудың мақсаты – шаруашылық және басқа қызметтердің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыру барысында орын алған апаттың нәтижесінде табиғи ортаның компоненттеріне келген экологиялық залалды жоюды қамтамасыз ету болып табылады.

**1.4.** Міндетті экологиялық сақтандыруға шаруашылық және басқа қызметтердің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жатады. Шаруашылық және басқа қызметтердің экологиялық қауіпті түрлерінің тізімін уәкілетті орган айқындайды.

**1.5.** Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі түсініктер:

1) авария – ғимараттардың, құрылысжайлардың және (немесе) техникалық құрылғылардың қирауы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті (зиянды) заттардың шығарындысы;

2) пайда алушы – экологиялық залалды жоюға оның ішінде сақтандыру төлемінің есебінен жоюға міндетті, Сақтанушы немесе басқа тұлға;

3) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі – шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың авария салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою жөніндегі міндеті;

4) сақтандыру шарты - Сақтандырушы мен Сақтанушының арасында осы Ережеде белгіленген талаптармен жасалатын шарт;

5) сақтандырылушы - өзіне қатысты міндетті экологиялық сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

6) міндетті экологиялық сақтандыру – авария нәтижесінде экологиялық залал келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілік басталған кезде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (Сақтандырылушылардың) заңды мүдделерін мүліктік қорғау жөніндегі қатынастар кешені;

7) сақтандыру жағдайы - басталуына орай міндетті экологиялық сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

8) сақтандыру сомасы - міндетті экологиялық сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

9) сақтандыру сыйлықақысы - Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттеме қабылдағаны үшін Сақтанушының Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;

10) сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

11) сақтандырушы - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушыға шартта айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;

12) сақтанушы - шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын, Сақтандырушымен міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқан жеке және (немесе) заңды тұлға;

13) үшінші тұлғалар – міндетті экологиялық сақтандырудан туындайтын рәсімдерге тартылған құқықтық қатынастар субъектілері;

14) уәкілетті орган - қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері;

15) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрі – авария болған жағдайда экологиялық залал келуі мүмкін жеке және (немесе) заңды тұлғаның қызметі.

## **2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИ**

**2.1.** Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның Қазақстан Республикасының экология заңнамасында белгіленген, авария салдарынан келтірілген экологиялық залалды Заңда белгіленген көлемде және тәртіпте өтеу бойынша міндетіне байланысты мүліктік мүддесі міндетті экологиялық сақтандыру объектісі болып табылады.

## **3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ**

**3.1.** Сақтанушының авария салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) жөніндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады.

**3.2.** Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ өзіне келтірілген шығындарды дәлелдеу Сақтанушыға (Пайда алушыға) тиесілі.

**3.3.** Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартқан жағдайда, сақтандыру жағдайы Сақтанушы келтірген экологиялық залалды жою туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап басталды деп есептеледі.

**3.4.** Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін осы Ереженің 6.8-тармағының шарттарын ескеріп, экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын негізге ала отырып айқындайды.

## **4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ**

**4.1.** Сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ бұл орайда сақтандыру сомасының мөлшері:

1) жеке кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғамен міндетті экологиялық сақтандыру шарты жасалған күнгі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 5000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен;

2) заңды тұлғамен міндетті экологиялық сақтандыру шарты жасалған күнгі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 65000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен кем болмауға тиіс.

## **5. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

**5.1.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының мөлшері осы Ереженің 4-тарауында көзделген жағдайларда міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 0,76-дан 2,65-ке дейінгі пайызынан аспауға тиіс.

**5.2.** Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері сақтандыру шартымен белгіленеді.

**5.3.** Егер міндетті экологиялық сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

**5.4.** Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.

## **5. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ**

**6.1.** Міндетті экологиялық сақтандыру Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында осы Ережеге, Заңға, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

**6.2.** Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар өз қызметін міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасаспай жүзеге асыруға құқылы емес.

**6.3.** Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрін сол бір объектінің екі және одан көп иесі жүзеге асырған кезде міндетті экологиялық сақтандыру шарты сақтандыру полисінде объектінің барлық иелерін Сақтандырылушылар ретінде көрсете отырып, олардың кез келгенімен жасалады.

**6.4.** Сақтанушының өтініші міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

**6.5.** Міндетті экологиялық сақтандыру шарты Сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.

Сақтандыру полисі, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 826-бабында тізбелеп көрсетілген талаптардан басқа, Сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшерін қамтуға тиіс.

**6.6.** Міндетті экологиялық сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің мазмұны мен оны ресімдеу жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

**6.7.** Сақтанушының қалауы бойынша міндетті экологиялық сақтандыру шарты Сақтандырушыға жазбаша жүгіну не Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

**6.8.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартында Сақтандырылушы шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асырған кезде авария нәтижесінде келтірілген экологиялық залал салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

**6.9.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартында көрсетуге жататын талаптардың толық болмағаны үшін Сақтандырушы жауапты болады. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

**6.10.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу кезінде дереккөз қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым, Сақтандырушы және Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу үшін Сақтандырушының интернет-ресурсы және (немесе) ақпараттық жүйесі пайдаланылады.

**6.11.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу үшін өтініш беру кезінде Сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды пайдалану талап етілмейді.

**6.12.** Міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын электрондық нысанда жасасу үшін пайдаланылатын Сақтандырушының интернет-ресурсына сілтеме дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады.

**6.13.** Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым, Сақтандырушы және Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу тәртібі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

**6.14.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартын Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасқан кезде Сақтандырушы:

- 1) Сақтанушыға міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы хабарламаның электрондық хабар түрінде дереу жөнелтілуін;
- 2) Сақтанушының (сақтандырылушының) жасалған міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша ақпаратты Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы тексеру мүмкіндігін;
- 3) Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартының электрондық нысанда сақталуын;

4) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға):

- a) мәліметтерді өзгерту, міндетті экологиялық сақтандыру шартын қайта ресімдеу;
- b) міндетті экологиялық сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

в) сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғаның) басталғаны туралы хабардар ету;

г) авария салдарынан келтірілген экологиялық залалдың мөлшерін бағалауды белгілеу;

д) сақтандыру төлемін алу;

е) Заңның 22-1. бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін қажетті ақпаратты (өтінішті, хабарламаны және (немесе) өзге құжаттарды, мәліметтерді) электрондық нысанда жасау және Сақтандырушыға жөнелту мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

**6.15.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу туралы хабарлама сақтандыру бойынша бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.

**6.16.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу туралы хабардар ету тәртібіне және хабарламаның мазмұнына қойылатын талаптарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

**6.17.** Егер міндетті экологиялық сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысы бөліп төленген жағдайда, бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап сақтандыру шарты жасалған деп есептеледі.

**6.18.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы жасасу кезінде Сақтанушы осы Ережеде, Заңда көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын (бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді, сол арқылы ол өзіне ұсынылған талаптармен осы қосылу шартын жасасуға келісетінін растайды.

**6.19.** Сақтандырушы міндетті экологиялық сақтандыру шартын Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.

**6.20.** Сақтандыру агенттерінің нысан иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметіне жол берілмейді.

**6.21.** Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушы Сақтанушыға міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы емес.

**6.22.** Сақтандырушы сақтандырушының интернет ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдаланған кезде «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актіінде белгіленген тәртіпте, Сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру келісімшартының қолданыс мерзімі аяқталғаны туралы алдын ала хабарлауды қамтамасыз етеді.

## **6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ**

**7.1.** Сақтандыру шарты осы Ережеге және Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес экологиялық залалды жоюға міндетті тұлғаларға қатысты қолданылады.

**7.2.** Міндетті экологиялық сақтандыру шарты міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

**7.3.** Міндетті экологиялық сақтандыру шарты күшіне енген күнінен бастап кемінде 12 (он екі) ай қолданылады.

**7.4.** Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

## **7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **8.1. Сақтандырушы:**

1) сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтанушыдан Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының экология заңнамасында көзделген мәліметтерден басқа, осы Ережеге сәйкес сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде бұрынғы міндетті экологиялық сақтандыру шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап етуге;

- 2) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретін ескере отырып, сақтандыру жағдайының басталу фактісін, экологиялық залалдың сипаты мен ауқымын растайтын құжаттарды сұратуға;
  - 3) Сақтанушы мен Сақтандырылушыдан экологиялық залал келтіру тәуекелін бағалау үшін қажетті, болған сақтандыру жағдайының себептері, мөлшері және салдары туралы толық және анық ақпарат алуға;
  - 4) сақтандыру жағдайының басталу себептері мен өзге де мән-жайларын анықтау үшін экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнына бағалау жүргізуге;
  - 5) авария салдарынан келтірілген экологиялық залалдың ауқымын бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;
  - 6) қоршаған ортаның сақтандыру жағдайы басталғанға дейінгі және одан кейінгі жай-күйіне және Сақтанушы жүзеге асыратын шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне өз зерттеулерін жүргізуге;
  - 7) осы Ереженің 11-тарауында көзделген жағдайларда экологиялық залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап құқығын қоюға;
  - 8) осы Ереженің 12-тарауында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемдерін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы;
  - 9) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алған табысты заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар туралы заңнамасының және Сақтандырушының ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес клиентті лайықты тексеру үшін Сақтандырушыға қажет құжаттарды, мәліметтерді беруді Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) талап етуге;
  - 10) клиент жасап жатқан операцияларды зерттеу барысында Сақтанушы іскери қатынастарды қылмыстық жолмен алған табысты заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланып жатқанына күмән туындаған жағдайда Сақтанушымен іскери қатынастарды тоқтатуға.
- 8.1.1. Міндетті экологиялық сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

## **8.2. Сақтандырушы:**

- 1) Сақтанушыны міндетті экологиялық сақтандыру талаптарымен, оның ішінде міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын құқықтармен және міндеттермен таныстыруға және оның талабы бойынша Ереженің көшірмесін беруге (жіберуге);
- 2) табыс етілген құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған күнді көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беруге;
- 3) сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушыға сақтандыру полисін беруге;
- 4) міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабардар етілген кезде оны қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дереу тіркеуге және осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) жөніндегі мәліметті дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсынуға;
- 5) Сақтанушының немесе оның өкілінің жазбаша нысандағы өтініші бойынша авария салдарынан болған экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалауды жүргізуге, сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисабын көрсете отырып, сақтандыру актісін жасауға және оны танысу үшін Пайда алушыға ұсынуға;
- 6) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Сақтанушының (Пайда алушының) экологиялық залалды жою мақсатында Сақтандырушы өтеуге тиісті төлемнің мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл жөнінде хабарлауға;
- 7) сақтандыру жағдайы басталған кезде Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 8) Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы кезінде авария салдарынан келтірілген экологиялық залалды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын өтеуге;

9) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

10) сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда осындай шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде Сақтанушыға бас тарту себептерінің жазбаша негіздемесін және Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламаны жіберуге;

11) Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтінішті алған кезде 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;

12) Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайта жіберуге міндетті.

8.2.1. Міндетті экологиялық сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

### **8.3. Сақтанушы (Сақтандырылушы):**

1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарты бойынша сақтандыру талаптарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) авария салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;

3) Сақтандырушы (оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген, авария салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисаптарымен танысуға;

4) міндетті экологиялық сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға (бұл құқық Сақтанушыға ғана қолданылады);

5) Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;

6) Заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға құқылы;

7) Заңның 22-1 бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып Сақтандырушыға немесе сақтандыру омбудсманына немесе сотқа міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін жүгінуге;

8.3.1. Міндетті экологиялық сақтандыру шартында Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа құқықтары да көзделуі мүмкін.

### **8.4. Сақтанушы (Сақтандырылушы):**

1) сақтандыру сыйақыларын міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;

2) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабарлауға;

3) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етуге;

4) авария кезінде ықтимал экологиялық залалды болғызбау немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларға ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қолдануға;

5) экологиялық залал келтіруге әкеп соққан авария жөнінде және зардап шеккен адамдар туралы тиісті органдарға олардың құзыретін ескере отырып (мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына, медициналық жедел жәрдем қызметіне, авариялық қызметтерге, уәкілетті органға) хабарлауға;

6) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге міндетті;

7) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алған табысты заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар туралы заңнамасының және Сақтандырушының ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес Сақтанушыны (Пайда алушыны) лайықты тексеру, оның ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Сақтандырушыға қажет құжаттарды, мәліметтерді беруге.

8.4.1. Міндетті экологиялық сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

### **8.5. Пайда алушы:**

- 1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) шаруашылық немесе өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы нәтижесінде болған сақтандыру жағдайының басталуы туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды Сақтандырушыға ұсынуға;
- 3) авария салдарынан келтірілген экологиялық залалдың сипаты мен ауқымын анықтау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;
- 4) Сақтандырушы (оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген, авария салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисаптарымен танысуға;
- 5) осы Ережеде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;
- 6) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге құқылы;
- 7) Заңның 22-1 бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып Сақтандырушыға немесе сақтандыру омбудсманына немесе сотқа міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін жүгінуге.

## 9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР

**9.1.** Сақтанушы немесе Пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда, оның ішінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қояды. Сақтандырушының талап етуі бойынша өтініш беруші Сақтандырушы қол жеткізе алатын мемлекеттік органдардың дерекқорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын Сақтандырушыға ұсынуға міндетті:

- 1) сақтандыру төлемін төлеу туралы өтініш;
- 2) Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес бекітілген ремедиациялау бағдарламасының көшірмесі;
- 3) сақтандыру жағдайы басталған кезде экологиялық залалды болғызбау немесе азайту мақсатында Сақтанушы шеккен шығыстарды растайтын құжаттар – олар болған кезде;
- 4) жекелеген жағдайларда – Сақтанушыны сақтандыру жағдайының басталуына жауапты деп таныған сот шешімі.

**9.2.** Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, анықтама беруге міндетті.

**9.3.** Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық нысанда жөнелткен жағдайда, Сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады.

**9.4.** Сақтандыру жағдайын электрондық нысанда реттеу үшін өтініш берген кезде Сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамталымды пайдалану талап етілмейді.

## 10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

**10.1.** Сақтандыру төлемі авария салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнынан аспауға тиіс.

**10.2.** Экологиялық залалды жоюға, оның ішінде сақтандыру төлемі есебінен жоюға міндетті Сақтанушы немесе өзге тұлға Пайда алушы болып табылады.

**10.3.** Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша өтініші немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша сақтандыру төлемі авария салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою жөніндегі

жұмыстарды орындаған (орындайтын) және қызметтерді көрсеткен (көрсететін) тұлғаға тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.

**10.4.** Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Ереженің 9.1. бабында көзделген құжаттарды өзі алған күннен бастап отыз күн ішінде жүргізеді.

**10.5.** Пайда алушы сақтандыру төлемінің мөлшеріне дау айтқан жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемін аталған тұлғалардың бірде-бірі дау айтпаған бөлігінде осы Ереженің 10.4. тармағында белгіленген мерзім ішінде дереу жүзеге асыруға міндетті.

Сақтандыру төлемінің дау туғызған бөлігін Сақтандырушы бітім келісімі жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде не, егер сот шешімнің дереу орындалуын ұйғармаса, осы дау бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап төлеуге тиіс.

**10.6.** Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдауын талап етуге құқылы емес.

**10.7.** Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

**10.8.** Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалану арқылы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде Сақтандырушы келесілерді қамтамасыз етуге міндетті:

1) сақтандыру жағдайын реттеу процессінің негізгі кезеңдері туралы, оған реттеу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартуды (бас тартудың себептерін көрсетіп) қоса, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте электрондық түрде Сақтанушыға (сақтандырылушыға) хабарлау;  
2) Сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайына қатысты ақпаратты Сақтандырушының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігі;

3) Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз етумен электрондық нысанда сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайына қатысты ақпаратты сақтау.

**10.9.** Сақтандырушы тәулік бойы Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдаланып, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайын реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

**10.10.** Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайын реттеу туралы хабарлама дерекқор қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның атынан жіберіледі.

## **11. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ**

**11.1.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушының Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) мынадай жағдайларда:

1) Сақтанушы (Сақтандырылушы) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасаған;

2) Сақтанушы сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған;

3) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартқан, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартқан жағдайларда жүзеге асырылған сақтандыру төлемі шегінде қарсы талап қою құқығы бар.

**11.2.** Сақтанушының экологиялық залал үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде ауысады, залалды жою құнын міндетті экологиялық сақтандыру шартына сәйкес Сақтандырушы төлейді.

## **12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БАС ТАРТУ**

**12.1.** Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

1) қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына септігін тигізетін қасақана іс-әрекеттері;

2) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

**12.2.** Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін сондай-ақ:

1) Сақтанушының экологиялық залал келтіруге кінәлі тұлғадан шығыстардың тиісті өтемін алуы;

2) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу;

3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

4) Сақтанушының сақтандыру жағдайы бойынша шығыстарды азайту жөнінде шараларды қасақана қолданбауы;

5) Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруіне және келтірілген экологиялық залалдың сипаты мен ауқымын, сондай-ақ оны жою құнын анықтауына Сақтанушының кедергі келтіруі;

6) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға кері талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы негіз болуы мүмкін. Егер сақтандыру төлемі жүргізіліп қойылған болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы.

**12.3.** Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер бұл Сақтанушының еркінен тыс себептерге байланысты болса және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз бола алмайды.

**12.4.** Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы талап қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы талапты мәлімдеген тұлғаға бас тарту себептерінің уәжді негіздемесімен және Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламамен сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

**12.5.** Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

1) соғыс қимылдарының, азамат соғысының, кез келген түрдегі халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің;

2) табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

**12.6.** Сақтандырушы сақтандыру төлемінен осы тарауда көзделмеген негіздер бойынша бас тартуға құқылы емес.

**12.7.** Сақтандыру омбудсманы дауды реттеу тәртібін сақтаған жағдайда Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жайында Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен Сақтанушының (Сақтандырылушының) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын өзге тұлғаның сотқа шағымдануына болады.

### 13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

**13.1.** Сақтандыру шарты:

1) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған;

2) сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған;

3) Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырған жағдайларда тоқтатылды деп саналады.

**13.2.** Міндетті экологиялық сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерлерде қайтарып алуға құқығы бар:

Рет №	Міндетті экологиялық сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап ол мерзімінен бұрын тоқтатылған кезге дейін өткен мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының проценті есебімен)
1	1-айға дейін қоса алғанда	20
2	1-айдан 2-айға дейін қоса алғанда	30
3	2-айдан 3-айға дейін қоса алғанда	40
4	3-айдан 4-айға дейін қоса алғанда	50
5	4-айдан 5-айға дейін қоса алғанда	60
6	5-айдан 6-айға дейін қоса алғанда	70
7	6-айдан 7-айға дейін қоса алғанда	75
8	7-айдан 8-айға дейін қоса алғанда	80
9	8-айдан 9-айға дейін қоса алғанда	85
10	9-айдан 10-айға дейін қоса алғанда	90
11	10-айдан 11-айға дейін қоса алғанда	95
12	11-айдан жоғары	100

**13.3.** Сақтандыру сыйлықақысының қайтару сомасы міндетті экологиялық сақтандыру шартын бұзу туралы өтініш берген сәттен бастап есептеледі.

#### 14. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

**14.1.** Тараптардың міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі қатынастарынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

#### 15. МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІГІ

**15.1.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде Сақтанушы (Пайда алушы):

1) талаптарын көрсетіп және өзінің талабын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтінішін Сақтандырушыға (оның ішінде Сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) жіберуге не

2) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін өтінішті сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе сотқа жіберуге құқылы.

**15.2.** Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтінішті алған кезде оны бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап береді.

**15.2.** Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

#### 16. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

**16.1.** Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңнамасын бұзу – Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жауапкершілікке алып келеді.

**16.2.** Сақтанушы өзінің қолтанбасымен Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және беруге өз келісімін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімін береді:

1) «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) Сақтандырушының деректер алуына;

- 2) мемлекеттік дерекқор иелерінің Бюроға Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар туралы беруіне;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы (Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы қолда бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге.
- 4) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;
- 5) Сақтандырушының қызмет мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру кұпиясын ашуына.
- 16.3.** Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.
- 16.4.** Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 17.2. тармақтың 1)-5) тармақшасында көрсетілген келісімін талап етуге міндетті.
- 16.5.** Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 17.2. тармақтың 1)-5) тармақшасында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.
- 16.6.** Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдалану кезінде «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. Бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес, Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды сақтау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етеді.

<b>САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ</b> <b>СТРАХОВОЙ ПОЛИС</b>		<b>ОӘ</b>	<b>№</b>		
Сақтандыру полисінің берілген күні мен орны: Дата и место выдачи страхового полиса:					
Сақтандыру сыныбы: Класс страхования:	Міндетті экологиялық сақтандыру Обязательное экологическое страхование				
Сақтандырушы: Страховщик:					
Сақтанушы: Страхователь:	Экономика секто-рының коды/Код сектора экономики Резиденттік белгісі/Признак резидентства:				
<b>Сақтандырылушы/Застрахованный</b>					
<b>Т.А.Ә./Ф.И.О.</b>	<b>ЖСН/ИИН</b>	<b>Экономика секто-рының коды/Код сектора экономики</b>	<b>Резиденттік белгісі/Признак резидентства</b>	<b>Орналасқан жері/Место нахождения</b>	
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "ШОРТАНДИНСКАЯ НЕФТЕБАЗА"					
Пайда алушы: Выгодоприобретатель:					
Объектінің атауы: Наименование объекта:	Имущественные интересы Страхователя				
Экономикалық қызмет түрі (заңды тұлғалар үшін) Вид экономической деятельности (для юридических лиц)					
Сақтандыру объектісі: Объект страхования:	Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның авария нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою жөніндегі Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген міндетіне байланысты мүліктің институты міндетті экологиялық сақтандыру объектісі болып табылады. /Имущественный интерес лица, осуществляющего экологически опасные виды хозяйственной и иной деятельности, связанный с его обязанностью, установленной экологическим законодательством Республики Казахстан, по устранению экологического ущерба, причиненного в результате аварии.				
Сақтандыру жағдайы: Страховой случай:	Аварияның салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады./ Страховым случаем по договору обязательного экологического страхования признается факт наступления гражданско-правовой ответственности страхователя по устранению (ремедиации) экологического ущерба, причиненного в результате аварии.				

Сақтандыру шарты бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі (АЕК) Предельный объем ответственности страховщика по договору страхования (МРП)	<input type="checkbox"/> дара кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғамен міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 5000 еселенген мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді;/ 5000-кратный показатель, установленный законом о республиканском бюджете на соответствующий финансовый год, на дату заключения договора обязательного экологического страхования с физическим лицом, являющимся индивидуальным предпринимателем; <input type="checkbox"/> заңды тұлғамен міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 65000 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс;/65000-кратный месячный расчетный показатель, установленный законом о республиканском бюджете на соответствующий финансовый год, на дату заключения договора обязательного экологического страхования с юридическим лицом;
Сақтандыру сомасы: Страховая сумма:	
Сақтандыру сыйлықақысы: Страховая премия:	
Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері: Порядок уплаты страховой премии:	Бір жолғы /Единообразно Төлеу күні _____ дейін / Дата оплаты до: _____
Сақтандыру мерзімі/Период страхования:	Басталуы/с аяқталуы/по
Валюта түрі/Вид валюты:	Қазақстандық теңге/Казахстанский тенге
Сақтандыру аумағы:Территория страхования:	Қазақстан Республикасы/Республика Казахстан
Хабардар ету мерзімдері жетіспейтін құжаттар туралы, сақтандыру төлемдері/Сроки уведомления о недостающих документах для страховой выплаты	В соответствии с Законом «Об обязательном экологическом страховании» № 93-III от 13 декабря 2005 года
Порядок и сроки осуществления страховой выплаты	В соответствии с Законом «Об обязательном экологическом страховании» № 93-III от 13 декабря 2005 года